

**"Маңғыстау облыстық фтизиопульмонология орталығы"
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақтау қ.

23.08.2023г.

"Маңғыстау облыстық фтизиопульмонология орталығы" ШЖҚ МКК директор міндетін атқарушының 24.06.2024ж. №86н/қ "Маңғыстау облыстық фтизиопульмонология орталығы" ШЖҚ МКК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" бұйрығы негізінде кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2023 ж. 01.07. бастап 2023 ж. 31.07. дейін жүргізілді.

Ішкі талдаумен кәсіпорынның 01.01.2023ж. бастап 31.12.2023ж. дейінгі және 01.01.2024 ж. бастап 30.06.2024 ж.дейінгі жұмыс кезеңі қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Жұмыс тобының дербес құрамы:

Топ басшысы: Киркимова К.М.- директордың орынбасары

Топ мүшелері:

1. Кадралиев И.М.- аудит дәрігер

2. Абдикалиева Ж-заңгер

3. Жуманиязова А. К.-кәсіподақ ұйымының төрайымы

4. Дюзимова З.Ж.- мамандар бөлімінің маманы

5. Сейтова А- есепші-экономист

Жұмыс тобының хатшысы – Алиева А.К. – комплаенс-офицер

**КӘСІПОРЫННЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ
АКТІЛЕРДЕ, ІШКІ ҚҰЖАТТАРДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ**

Кәсіпорын өз қызметінде ҚР Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексін, ҚР Кәсіпкерлік кодексін, ҚР Еңбек кодексін, "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңын, "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің қаулысын

және Қазақстан Республиканың басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасы бекіткен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдемдесу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында кәсіпорында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет туралы және тиісті қызмет құрылды. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі, кәсіпорын қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен таныстыру және оқыту бойынша жұмыс жүргізіледі.

Қызметкерлер мен пациенттерге ақпараттың алдын алу және жеткізу мақсатында Кәсіпорын сайты ашылып, барлық ақпарат сол сайтта көрсетілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы парақшалар Кәсіпорынның ресми сайтында орналасқан.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мониторинг жүргізіледі. Дәрігерлік және мейіргерлік жиналыстарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы персоналдың назарына ақпарат жеткізіледі, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын түсіндіре отырып, қызметкерлердің жалпы жиналыстары өткізіледі.

Стандарттар мен регламенттердің талаптарын сақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде:

- мемлекеттік қызметтердің ақпараттандырылуы және қолжетімділігі;
- уақытылы мемлекеттік қызмет көрсету.

<http://mosf.kz/> ресми сайты жұмыс істейді, директор, орынбасарлар жеке қабылдаулар жүргізеді. Барлық келіп түскен өтініштер мүмкіндігінше "осында және қазір" қағидаты бойынша шешіледі.

Кәсіпорынның қызметіне, жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне, сот актілеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер зерделенеді және талданады.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді қолдану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

КӘСІПОРЫННЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

Персоналды басқару желісі бойынша:

Маңғыстау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық фтизиопульмонология орталығы" ШЖҚ МКК штат саны

| 2022ж. | 2023 ж. | 2024ж/6 ай |
|---------------|---------------|---------------|
| 211 қызметкер | 177 қызметкер | 174 қызметкер |

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтауға байланысты анықталған тәуекелдер саны - 1 (бірлік).

Персоналды басқару қызметі, оның ішінде кадрлардың ауысуы:

-2022 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 280,25 бірлікті құрайды, оның ішінде бос орындар - 1 бірлік.

-2023 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 280,25 бірлікті құрайды, оның ішінде бос орындар - 1 бірлік.

-2024 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 223,5 бірлікті құрайды, оның ішінде бос орындар-2 бірлік.

2022 жылы жұмысқа 3 қызметкер (оның ішінде 2 дәрігер, 1-медбике) қабылданып, еңбек шарты жасақталды. 7 қызметкермен (оның ішінде 1 дәрігер-(жұмысқа ауысу), 6-медбике оның ішінде (4-басқа жұмысқа ауысу, 2-зейнет жасы) өзара жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 – бабы, 5 – тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды.

2023 жылы жұмысқа 10 қызметкер (оның ішінде 2 дәрігер, 1-медбике, 7 басқа мамандық бойынша) қабылданып, еңбек шарты жасақталды. 41 қызметкермен (оның ішінде 1 дәрігер-(жұмысқа ауысу), 9-медбике оның ішінде (8-басқа жұмысқа ауысу, 1-зейнет жасы) өзара жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 – бабы, 5 – тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды.

2024 жылдың 6 айында жұмысқа 5 қызметкер (оның ішінде 1 дәрігер, 4-басқа мамандық бойынша) қабылданып, еңбек шарты жасақталды. 9 қызметкермен (оның ішінде 3 дәрігер-(2 зейнет жасында, 1 өз бастамасымен), 2-медбике (оның ішінде 1-басқа жұмысқа ауысу, 1-зейнет жасы), 2 кіші медициналық қызметкер, 2 басқалары (оның ішінде 1 жұмыс ауысуы, 1 –зейнет жасында) өзара жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 – бабы, 5 – тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды.

Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа қызметкер Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерімен, Лауазымдық нұсқаулықтармен және оның қызметіне қатысты басқада нормативтік актілермен, қол қойғыза отырып, танысады. Қызметкердің тапсырылатын жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында Еңбек шартын жасасу кезінде міндетті түрде сынақ мерзімі туралы талап белгіленеді.

Жағымсыз себептер бойынша жұмыстан шығарылғандар болған жоқ.

Манғыстау облыстық фтизипульмонология орталығы қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар бойынша әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілігі (дипломдар) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің болуын куәландыратын құжаттары тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің тиісті салалардағы уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Сондай – ақ, қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26 – бабы 2 – тармағының 3) тармақшасында көзделген,

сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе тартылған кәметке толмаған адамдардың және сауықтыру, медициналық камтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға жұмысқа орналасуға жол бермеу (ҚР Қылмыстық – процестік кодексінің 35 – бабы бірінші бөлігінің 1 және 2 - тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау токтатылған адамдарды қоспағанда) бөлігінде шектеулердің жоқтығы, кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандалығына қарсы, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін құқық бұзушылықтардың болмауы тексерілді.

Барлық қызметкерлердің жеке істерінде ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық – анықтамалық есептеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар.

Азаматтық қызметкерлер лауазымына адамдарды қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінң талаптары сақталған. Мүдделер қақтығысы орын алмаған, білімдері лауазымдық талаптарына сәйкес. Алайда, Enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы қабылданбаған. Enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы конкурс жариялаған жағдайда жалақысы аз деп адамдар қатыспауы мүмкін деп пайымдайды.

ҰСЫНЫС:

Мүдделер қақтығысын алдын алу үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінң талаптарымен Enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы қабылдауды міндеттеуді ұсыну.

Мүдделер қақтығысын реттеуге байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).

Талдау барысында анықталған жақын туыстары атқаратын лауазымға тікелей бағынатын бос лауазымдарға орналасу кезінде аффилирлену фактілерін ата – анасы (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері, жекжаттары деп-ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, ата-аналары және жұбайының (зайыбының) балалары орын алмағаны анықталды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде кәсіпорынға жақын туыстарының бірлескен қызметі (жұмысы) фактілері анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысы фактілері жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).

«Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығын іске асыру шенберінде таныстырылды:

1) жеке тұлғаларды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығы;

2) «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығы;

3) «Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығы;

4) «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы;

5) «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР- ДСМ-27 бұйрығы;

6) «Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қазандағы № ҚР ДСМ -103 бұйрығы;

2023 жылы, 2024 жылдың 6 айында мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымдар тіркелген жоқ.

2022 - 2023 жыл ішінде тоқсан сайынғы негізде статистикалық деректерді, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мониторингінің нәтижелерін және ақпараттық жүйелерді, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша түсіндіру іс-шаралары туралы, шағымдардың болуы/болмауы және т.б. ақпаратты көрсететін талдамалық жазбаны қоса бере отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау бойынша Орталық жұмысы туралы есеп қалыптастырылады.

Тоқсан сайынғы негізде нормативтік құқықтық актілерге, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы ҚР заңнамасы талаптарының сақталуына талдау жасалған мемлекеттік қызметтер көрсетуге мониторинг жүргізілді.

Мониторинг нәтижелері мемлекеттік қызмет көрсететін бөлімшелер назарына жеткізілді.

| 2023 ж. | 2024 ж. 6 ай |
|--|---|
| Е-ӨТІНІШ - 9, оның ішінде: ұсыныс – 2 (оқыту жөнінде-1, кітапқа енгізу туралы-1), хабарлама – 3 (концерт ұйымдастыру жөнінде-2,), өтініш- 4 (мемлекеттік сатып алу бойынша-2, аккредитация өткізу бойынша-1, стационарда ем алғаны туралы-1). Барлық өтініш өз мерзімінде қарастырылып, толықтай жауап берілді. Негізделген шағымдар болған жоқ. | Е-ӨТІНІШ – 3, оның ішінде: ұсыныс – 1 (кітапқа енгізу туралы), хабарлама – 1 (ноутбуктың уақытынан кешігетіні жөнінде), өтініш– 1(кәсіпкерлік қызмет туралы). Барлық өтініш өз мерзімінде қарастырылып, толықтай жауап берілді. Негізделген шағымдар болған жоқ. |

Тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мерзімдерін бұза отырып көрсету жағдайлары, сондай-ақ көрсетілетін қызметті

алушылар тарапынан көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына шағымдар анықталған жоқ.

Маңғыстау облысында туберкулезбен күрес бағдарламасын жүзеге асыруға өңірдің көптеген медициналық ұйымдары (бұдан әрі-МҰ) қатысуда:

- Ақтау қаласындағы 100 төсек-орындық Облыстық фтизиопульмонология орталығы;

- Тұщыбек пос. 30 төсек-орындық Е.Оразақов атындағы Облыстық туберкулезге қарсы шипажай;

- БМСК және жеке меншік медициналық ұйымдары құрамындағы туберкулезге қарсы бөлімшелер ;

- Қарақия ауданы, Құрық аулындағы 300 төсек-орындық Облыстық мектеп-интернат;

- 685 төсек-орындық 7 санаторлық типтегі балалар бақшасы мен жалпы бақшалардағы 100 төсек-орындық 5 санаторлық топ;

Маңғыстау облыстық фтизиопульмонология орталығы (бұдан әрі – МОФО) – облыстағы туберкулезге қарсы қызметті үйлестіруші, өңір тұрғындары мен медициналық ұйымдарға туберкулезге қарсы ұйымдастыру-әдістемелік, тәжірибелік және кеңес беру көмегін көрсететін мамандандырылған диагностикалық және емдеу мекемесі болып табылады.

Ақтау қаласындағы Іа -ш/аудан, ауруханалар қалашығында, орналасқан МОФО 1973 жылы Жаңаөзен туберкулез диспансері базасында ұйымдастырылған. Ол кезеңде 3 бөлімшеден: терапевтік, балалар және рентгендік диагностика бөлімшеден тұрған мекеме 1992 жылы Ақтау қаласына ауыстырылды. Қазіргі таңда МОФО төмендегідей құрылымнан тұрады:

1. Басшылық
2. Мониторинг және бағалау бөлімі
3. Ұйымдастыру-әдістемелік бөлімі
4. Қаржы-экономикалық бөлімі
5. Әкімшілік-шаруашылық құқықтық бөлім
6. Инфекциялық бақылау бөлімі
7. Ас дайындау бөлімі
8. Клиника- диагностикалық және бактериологиялық зертхана
9. Қабылдау және диагностикалау бөлімі
10. Сәулелік диагностика бөлімі
11. Пациенттерді қолдау және ішкі бақылау бөлімі
12. 100 төсек-орынды стационар:
 - дәріге төзімділігі бар ересек ТБ науқастарын емдейтін 3 бөлімше – 50т/орын;
 - балалар мен жасөспірімдер арасындағы туберкулездің барлық түрін емдейтін 1 бөлімше – 20 т/орын;
 - төзімділігі сақталған ересек науқастарды емдейтін 1 бөлімше – 25 т/орын;
 - туберкулездің созылмалы түрімен ауыратын ересек науқастарды емдейтін 1 бөлімше - 5 т/орын.

Орталықтың мамандар құрамы, дәрігерлер - 18, оның ішінде 10 дәрігер - біліктілік санаты бар мамандар. Орта буын медициналық қызметкерлер саны – 61,

олардың 49-ы - біліктілік санаты бар мейірбикелер. Дәрігерлер мен орта буын медициналық қызметкерлерінің мамандар сертификаты бар және олар жүйелі түрде ҚР дипломнан кейінгі білім беру мекемелерінде кәсіби біліктілігін әр бес жыл сайын арттырып отырады.

Қызметкерді қабылдау және жұмыстан шығару алқалы түрде жүргізіледі, онда келісу қызметкердің өтініші мен қабылдау/жұмыстан босату туралы бұйрықта барлық жауапты тұлғалардың тиісті визаларымен расталады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту, сондай-ақ орталық қызметкерлерінің қылмыстық және әкімшілік сипаттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны анықталмаған.

"Е-Өтініш" порталы бойынша өтініштер мен орталықтың өтініштер жәшігі мониторингінің нәтижелері бойынша орталық қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдар анықталған жоқ. Орталықтың "Е- өтініш" порталы бойынша жауапты тұлға тағайындалған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді уақтылы анықтау және болдырмау үшін орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі құрылды, ол орталықтың барлық бөлімшелерінің қызметіне мониторинг жүргізеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдер және олардың жағымсыз салдарлары тақырыбында қызметкерлермен профилактикалық әңгімелер жүргізеді.

Персоналды басқару желісі бойынша Мониторинг бұзушылықтар болмағанын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмағанын көрсетті.

Мүдделер қақтығысын реттеу желісі бойынша:

Мемлекеттік сатып алу бекітілген жоспарға сәйкес <https://goszakup.gov.kz/> веб-портал арқылы жүргізіледі. Талданатын кезеңде өткізілген Мемлекеттік сатып алу бойынша "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 6-бабында белгіленген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер сақталды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету желісі бойынша:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-107 «Халыққа туберкулез кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес көмек 3 деңгейде көрсетіледі:

1. Бастапқы деңгейдегі туберкулез кезінде медициналық көмек көрсету ұйымдарына:
 - 1) аудандық деңгейде:
 - медициналық пункт;
 - фельдшерлік-акушерлік пункт;
 - дәрігерлік амбулатория;
 - медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы;
 - аудандық емхана;
 - нөмірлі аудандық емхана;
 - аудандық аурухана;
 - нөмірлі аудандық аурухана;
 - көп бейінді орталық аудандық аурухана;

2) қалалық деңгейде:
 дәрігерлік амбулатория;
 медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы;
 қалалық емхана;
 бастапқы психикалық денсаулық орталығы;
 консультациялық-диагностикалық орталық;
 қалалық аурухана;
 көп бейінді қалалық аурухана;
 көп бейінді қалалық балалар ауруханасы;
 психикалық денсаулық орталығы;
 онкологиялық орталық;
 инфекциялық аурухана;
 перинаталдық орталығы, перзентхана;

2. Екінші деңгейдегі туберкулез кезінде медициналық көмек облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астана фтизиопульмонологиялық орталықтарында (әрі қарай – ФО) көрсетіледі.

3. Үшінші деңгейдегі туберкулез кезінде медициналық көмек Ұлттық ғылыми фтизиопульмонологиялық орталығында көрсетіледі.

МОФО –да өткен кезеңде көрсетілген қызметтер:

| 2023 ж. | 2024 ж/6 ай |
|---|---|
| Емдеуге жатқызу бюросының порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде стационарға емдеуге жатқызылған пациенттер – 300 (оның ішінде өлген адам саны 6). Өлген адамдар бойынша талдаулар жүргізілді. | Емдеуге жатқызу бюросының порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде стационарға емдеуге жатқызылған пациенттер – 124 (оның ішінде өлген адам саны 6). Өлген адамдар бойынша талдаулар жүргізілді. |
| Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ беру - 102 | Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ беру - 43 |

Туберкулезге қарсы препараттарды "СК – Фармация" ЖШС Бірыңғай дистрибуторымен ОЦФ қоймасына жеткізіледі, әрі қарай облыстың медициналық ұйымдарына, олардың өтінімдеріне сәйкес бөлінеді. Дәрілер ИСЛО жүйесінде тіркеліп, берілгендігі жөніндегі ақпарат жеке әр науқасқа жүргізіледі. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалы туберкулезге қарсы дәрілердің пайдаланылуына ИСЛО ақпараттық жүйесі арқылы бақылау жүргізеді, сол себепті сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдердің орын алу мүмкіндігі жойылған.

Пациенттерді қолдау және ішкі аудит бөлімі көрсетілетін қызметті алушылардың пікірлерін зерделеу үшін тоқсан сайын іріктеп сауалнамалар жүргізеді, оның нәтижелері көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға көмектеседі. Жауаптарда сыбайлас жемқорлық бағытына қатысты мәліметтер жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде кәсіпорынға Call-орталық арқылы, басшының жеке қабылдауында немесе жоғары тұрған органдардан келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар пайдаланылады. 2023 жылы кәсіпорын қызметінде және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобының мемлекеттік қызметтер көрсетуінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері табылған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен уақтылығын одан әрі арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы мәселелер тұрақты бақылауда, Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзушылықтарға жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда, әрбір бөлімшеде шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшіктер орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы саладағы жұмыстың одан әрі тиімділігі мақсатында ай сайынғы талдаулар, семинарлар, сауалнамалар жалғасатын болады. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобының қызметі барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау үшін ақпарат көзі ретінде қызметкерлерге қатысты бұрын қолданылған тәртіптік шаралар, тексерулердің нәтижелері, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, БАҚ-та жарияланымдар, пациенттер мен кәсіпорын қызметкерлерінің сауалнамасының нәтижелері қаралатын болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзушылықтар болмағанын, қызметкерлердің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттері байқалмағанын көрсетті.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру желісі бойынша:

Кәсіпорын өз қызметінде рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру өкілеттігіне ие емес.

Бақылау функцияларын іске асыру желісі бойынша.

Кәсіпорын өз қызметінде бақылау функцияларын жүзеге асыру өкілеттігіне ие емес.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты тәуекелдерді анықтау желісі бойынша.

Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыру жөніндегі қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері табылған жоқ.

Қаржы-шаруашылық қызмет желісі бойынша.

Осы бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мынадай индикаторлары бойынша жүргізілді:

1) Бюджетті қалыптастыру рәсімдері. Бюджетті бекітетін алқалы органның болуы немесе қаржы қаражатын игеру.

Бюджетті қалыптастыру рәсіміне кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері қатысады. Белгіленген мерзімде құрылымдық бөлімшелер жалпы бюджетті қалыптастыру үшін мемлекеттік сатып алу және экономикалық жоспарлау бөліміне қажеттілік туралы ақпаратты береді. Бюджеттік өтінім Облыстың ФОМС-на жіберіледі және мақұлданғаннан кейін кәсіпорынның бюджеттік комиссиясы бекітеді.

2) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу рәсімдеріне есептілік, мониторинг, ішкі және сыртқы бақылау тетіктерінің болуы.

Кәсіпорында материалдық құралдарды штрих-кодтау және ІС-бухгалтерлік бағдарламамен байланыс енгізілді. Материалдық құралдарға түгендеу жүргізіледі. Жыл сайын қаржылық қызметке аудит жүргізіледі.

2022 жыл бойынша ЖШС «Audit-consalt», 2023 жыл бойынша ЖШС «УНУ SAPA Consulting» мекемелері жүргізді.

3) Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің заңнамада белгіленген нормаларға сәйкестігі.

Кәсіпорынның Мемлекеттік сатып алуы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының нормаларына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" № 648 бұйрығына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу веб-порталында және Кәсіпорынның Интернет-ресурсында орналастырылған бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдері Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады, бұл "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында айқындалған қағидаларды байқауға, сондай-ақ веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және дұрыс ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын айқындауға мүмкіндік береді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтығына бағытталған басқа да бірқатар нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық қауіптерін барынша азайтуға мүмкіндік берді. Бұл бағытта сыбайлас жемқорлық қауіптері жоқ.

Тексерілетін кезеңде мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес мынадай сатып алулар жүргізілді:

| 2023ж | 2024 ж/ 6 айы |
|--|--|
| Баға ұсыныстарын сұрату әдісімен 59 643 819,98 теңге сомасына 165 сатып | Баға ұсыныстарын сұрату әдісімен 65 550 912,29 теңге сомасына 146 сатып |

| | |
|--|--|
| алу (тауарлар, қызметтер) жүргізілді, жоспарлы сомасы 75 735 813,63 теңге | алу (тауарлар, қызметтер) жүргізілді, жоспарлы сомасы 99 283 401,00 теңге |
| Ашық конкурс әдісімен 17 684 307, 20 теңге сомасына 4 сатып алу (ет өнімі, сүзет қызметі-2, қатты қалдықтарды шығару) өткізілді, жоспарлы сомасы 29 020 000,00 теңге | Ашық конкурс әдісімен 35 962 899,1 теңге сомасына 3 сатып алу (ет өнімі, техникалық бақылау, ақпараттық технология бойынша бақылау қызметі) өткізілді, жоспарлы сомасы 37 794 146,00 теңге |
| Бір көзден алу әдісімен 97 544 633,90 теңге сомасына 57 сатып алу (коммуналдық шығындар, өткізілмеген тауарлар мен қызметтер (несостоявший закуп)) жүргізілді, жоспарлы сомасы 98 402 881,90 теңге | Бір көзден алу әдісімен 93 117 189,9 теңге сомасына 47 сатып алу (коммуналдық шығындар, өткізілмеген тауарлар мен қызметтер (несостоявший закуп), күрделі жөндеудің авторлық бақылау) жүргізілді, жоспарлы сомасы 93 834 982,2 теңге |

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу рәсімдері зерделенді. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша тәуекелдер саны – 0 (бірлік).

Талдау объектісінің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша - сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және НҚА қолдану барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ.

Жасырын Мемлекеттік қызметтерді анықтау желісі бойынша алу
Кәсіпорын қызметінде жасырын мемлекеттік қызметтер табылған жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілеріне жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды күшейту мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша кешенді жоспары бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты енгізілді, әдеп кодексі бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары бар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру үшін барлық қажетті шаралардың алдын-алу қабылданды.

Ұсыныстардың жалпы тізімі:

1. Кәсіпорынның қызметі комплаенс-қызметінің функцияларын жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бақылауды және тәуекелдерді бағалауға.

3. Теріс пайдаланудың алдын алуға, сондай-ақ қызметкерлерді оқытуға ерекше назар аудара отырып, сыбайлас жемқорлық тәжірибелерінің алдын алуды жүзеге асыру.

4. Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды тұрақты негізде жүргізуге міндетті.

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:

Жұмыс тобының басшысы:

Киркимова К.М.-директордың орынбасары

1. Кадралиев И.М.- аудит дәрігер

2. Абдикалиева Ж.- заңгер

3. Жуманиязова А.К.- кәсіподақ ұйымының төрайымы

4. Дюзимова З.Ж. – мамандар бөлімінің маманы

5. Сейтова А – есепші-экономист

Жұмыс тобының хатшысы: Алиева А.К.- комплаенс-офицер.

Таныстым:

ШЖҚ "Маңғыстау облыстық фтизиопульмонология орталығы"
МКК директорының м.а _____ Казыбаев Б.Д.